

2026 жылғы 20 ақпанда Жұмабек Тәшенев атындағы университетте «Рединг университетіндегі инклюзивті білім: барлық студенттер үшін тең мүмкіндіктер жасау» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік семинар өтті. Аталған іс-шараны Педагогика және психология кафедрасы ұйымдастырды.

Халықаралық тәжірибе және университеттік тәсіл

Семинар спикері – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Жалпы педагогика және психология» кафедрасының профессоры, Халықаралық Болашақ бағдарламасының стипендиаты (Ұлыбритания, 2024-2025 жж.), педагогика ғылымдарының докторы Заурет Қабылбекова Ұлыбританиядағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі – University of Reading тәжірибесіне сүйене отырып, инклюзивті білім берудің тиімді модельдері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсету тетіктері, академиялық ортада тең мүмкіндіктер қалыптастыру жолдары туралы мазмұнды баяндама жасады. Сонымен қатар, университеттік инфрақұрылымды бейімдеу, оқытушылардың кәсіби даярлығы және студенттік қолдау қызметтерін жетілдіру мәселелері кеңінен талқыланды.

Семинардың практикалық бөлімінде спикер қатысушылармен интерактивті жұмыс жүргізіп, ұсақ моториканы дамытуға бағытталған жаттығулар орындатты. Бұл әдістер инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға, зейінін шоғырландыруға және психомоторлық дағдыларын жетілдіруге ықпал ететіні атап өтілді. Қатысушылар тәжірибелік тапсырмалар арқылы инклюзивті ортада қолдануға болатын тиімді тәсілдермен танысты.

Семинар соңында факультет деканы Мырзабай Мырзабеков сөз сөйлеп, алдағы уақытта да осындай ғылыми-тәжірибелік семинарларды тұрақты түрде ұйымдастырып, шетелдік және отандық мамандарды тәжірибе алмасуға шақыру жоспарланып отырғанын атап айтты. Ол өз сөзінде шетелдік тәжірибеден үйренеріміз көп екенін айта келе, ұлттық құндылықтарымыз бен отбасы институтының беріктігі – біздің басты артықшылығымыз екенін ұғындырды. Сондай-ақ спикерге мазмұнды баяндама жасап, құнды тәжірибесімен бөліскені үшін шынайы ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, ұйымдастырушы Тәшенев университетінің аға оқытушысы Гүлсара Малғайдароваға, семинардың мазмұнды әрі нәтижелі өтуіне белсенділік танытқан Педагогика және психология кафедрасының оқытушы құрамы мен студенттеріне алғысын жеткізді.

А.МАМАНҚҰЛ,

**Педагогика және психология кафедрасының
меңгерушісі, PhD докторы**